

«8D01502 – Физика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Кожобекова Эльмира Курбаналиқызының «Болашақ физика педагогын пәнаралық байланыс негізінде білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

П І К І Р І


Эльмира Курбаналиқызы ғылыми-әдістемелік және педагогикалық жұмыспен белсенді айналысатын педагог маман. Э.К. Кожобекованың диссертациялық жұмысы өзекті тақырыпты қамтиды, жаңа форматтағы педагогтың, әсіресе, жаңа технологияларды тиімді іске асыруға дайын, әлеуметтік өзгерістерге сәйкес әрекет ете алатын физика пәні мұғалімдерінің ғылыми-педагогикалық дайындығына арналған.

Физика пәнін оқытуда интеграция тәсілін пайдаланып оқытудың педагогикалық теория және практикада білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыру мәселелері зерттеліп, ерекшеліктері зерделенген. Сонымен қатар, болашақ физика мұғалімдерін білім алушылардың дүниетанымын ғылым интеграциясы негізінде қалыптастыруға дайындаудың үлгісі, мақсаты мен мазмұны айқындалды. Білім алушылардың дүниетанымын интеграциялық тәсіл негізінде қалыптастыруға физика мұғалімдерін дайындаудың әдістемесін ұсынылған. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерінің қорытындылары, педагогикалық эксперименттің мақсаты мен міндеті ашылып, оны ұйымдастыру жолдары, бақылау кезеңдерінің нәтижелері берілген. Болашақ физика мұғалімін пәндер интеграциясы негізінде білім алушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға даярлауда ғылыми, отандық және шетелдік оқу орындарындағы оқытудың әдістері, құралдары, қазіргі әлеуеті анықталған. Осы тұрғыдан алғанда, Кожобекова Эльмира Курбаналиқызының ғылыми-зерттеу жұмысы және осы тақырыптың төңірегінде алған ғылыми мәселелерінің шешімі қазіргі кезде көкейкесті мәселелердің бірі екендігіне күмән келтірмейді.

Сонымен қатар, Эльмира Курбаналиқызы болашақ физика педагогын пәнаралық байланыс негізінде білім алушылардың дүниетанымын қалыптастырудың әдістемелік жүйесін эксперимент жүзінде дәлелдеу нәтижелерін бірқатар ғылыми журналдарда, соның ішінде Scopus базасына енген жоғары рейтингті журналдарда мақала түрінде жариялады.

Кожобекова Эльмира Курбаналикызының диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігі Ғылым және білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгіленген талаптарына сай толық зерттеліп, аяқталған. Осыған орай, Кожобекова Эльмира Курбаналикызының «8D01502 – Физика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған «Болашақ физика педагогын пәнаралық байланыс негізінде білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруға даярлау» тақырыбындағы диссертациясы жеткілікті жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде, қойылған талаптарға сай жүргізілген, аяқталған дербес зерттеу болып табылады және Диссертациялық кеңесте қорғауға лайық деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті Техникалық
физика кафедрасының доценті,
педагогика ғылымдарының
кандидаты**



Ж.К. Ермекова